

Ушінші шақырылған Жамбыл облыстық мәслихаттың 2004 жылғы 27 тамыздағы N 5-5 "Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған ана мен баланы қорғау Бағдарламасы туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Жамбыл облыстық мәслихаттың 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 8-20 шешімі. Жамбыл облыстық әділет Департаментінде 2005 жылғы 18 мамырда N 1616 тіркелді. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

**Еркерту. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** :

Ушінші шақырылған Жамбыл облыстық мәслихаттың "Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған ана мен баланы қорғау Бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 27 тамыздағы N 5-5 шешімінің (Әділет департаментінде 1475 нөмірімен мемлекеттік тіркеуден өткен, 2004 жылғы 16 қарашада облыстық "Ақ жол" газетінің N 140 (15462) санында жарияланған) Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған ана мен баланы қорғау Бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 41-ші тармағындағы "Жамбыл облысындағы көп балалы аналардың еліміздің барлық әйелдеріне бала тууды арттыру жөніндегі өндеуін қолдау мақсатында 4 және одан да көп бала туған әйелдерді материалдық жағынан ынталандыру" сөздері "Төртінші баласын туған әйелдерге қосымша біржолғы жәрдемақы бөлінсін" деген сөздерге ауыстырылсын.

**Облыстық мәслихат**  
**сессиясының төрағасы**  
**С. Сейдазимов**

**Облыстық мәслихат**  
**хатшысы**  
**Ә.Әсілбеков**